

БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

«Көп ұлтты Қазақстан»

ЖАРИЯЛАНДЫ
29.01.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/67645/>

Білім беру салалары: «Әлеуметтік орта»

Бөлімі: «Қоршаған ортамен танысу»

Тақырыбы: «Көп ұлтты Қазақстан»

Мақсаты: а) Еліміздің көпұлтты халық екенін түсіндіріп ұлт өкілдерін есте сақтап айтуға үйрету.

ә) Сана сезімдерін дамыту.

б) Ұлтаралық татулыққа, достыққа тәрбиелеу;

Қолданатын көрнекілік құралдар: суреттер.

Блингвальды компонент: көп – много-a lot of, ұлт-нация-nation.

Оқу қызметінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Балалар шеңберге тұрып бір-біріне жақсы сезімдерін білдіреді (қуаныш, қорқыныш, ашу, шошу, мұңаю т.б) Ол сезімдерді бет келбетімен көрсетеді.	Балалардың жүрек жылуы.

<p>Іздену-ұйымдастырушы</p>	<p>Өлең оқу. Гүлденсін елім түрленсін, Танымастай түрге енсін Болашақ елдің төріне Елу елмен бірге енсін -Қазақстан кең байтақ ел. -Елордамыз қай қала? -Тұңғыш президентіміз кім? -Қазақстан қандай ел? — «Бауырымдылық» деген сөзі қалай түсінесіңдер? -Біздің әңгімеміз Қазақстан елінде тұрып жатқан ұлттар туралы болады. -Балалар сендер өздерің қандай ұлт екендеріңді білесіңдер ме? -Біздің топта басққа ұлыт балалары бар ма? -Біздің елемізде қандай ұлыт өкілдері тұрады? -Біздің Қазақстанда көп ұлт өкілдері тұрады,олар бір-бірімен өте тату тұрып жатыр. -Әр ұлт өз тілінде сөйлей алады ,салт-дәстүрлерін сақтайды. Білім алады, Қазақстан азаматтарының барлық құқығын пайдаланады. -Ал еліміздің жергілікті тұрғындары қазақтар.Біздің елге әртүрлі себептермен келген ұлттарды бауырымызға басып,татулықты бүкіл елге жариялап отырған ұлы ел-Қазақстан. Д/О: «Кім жылдам» -Балалар мына киінген қуыршақтар қай елдің киімі деп ойлайсыңдар? Иә балалар дұрыс айтасыңдар әр ұлттың өз салты дәстүрі бар,ұлттық киімдері бар,ұлттық тағамдары бар. -Балалар,ұлытаралық қандай мереке бар? -Үнтспадан әр түрлі ұлттардың әуендерін тыңдату. -Қандай ұлттық ойындарды білесіңдер? Сергіту сәт. Ал балалар тұрайық Үлкен шеңбер құрайық Бір отырып,бір тұрып, Біз тынығып алайық Балалар өлңді тыңдайды. -Призденіміз –Н. Ә.Назарбаев. Қазақстан өте кең байтақ бауырмашыл ел. Бір-біріне жаны ашитын бауырмалдық,мейірімділік,достық,түсіне қарамай жақсы көру. Иә біздің топта басқа ұлт балалары жоқ . Балалар білетін ұлттарын айтады. Әңгімені тыңдайды. -Қазақша киінген, өзбекше, орысша, татар, әр түрлі киінген қуыршақтар. -1 Мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні. «Тақия тастамақ», «Соқыртеке», «Қыз қуу» т.б. Қимыл-қозғалыспен көрсету. Рефлексивті түзетушілік Балалар оқу қызметі ұнады ма? -Қай достарың жақсы жұмыс жасады? Балалардың оқу қызметінен алған білімдерін бекіту</p>	<p>Балалардың жауаптары</p>
-----------------------------	--	-----------------------------

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Еліміздің көп ұлтты халық екенін түсіндіріп ұлт өкілдерін есте сақтап әңгімелей білу керек.

Болу керек: қызығушылығы болу керек.

Үйрену керек:Ұлт аралық татулыққа, достыққа әңгімелеп айтуға үйрету.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.